



Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне тәртіптік жазалар қолданудың тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 20 желтоқсан N 3279. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.31. N 321 жарлығымен. ~U990321

Мемлекеттік қызметшілердің тәртібін нығайту және жауапкершілігін арттыру мақсатында "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының U952730_ 30-бабына сәйкес қаулы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне тәртіптік жазалар қолданудың тәртібі туралы Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2 . Б і р а й м е р з і м д е :

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бұрын шығарылған актілерін

осы Жарлыққа сәйкес келтірсін әрі орталық және жергілікті атқарушы органдардың актілерінің оған сәйкес келтірілуін қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар бұрын шығарылған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 20 желтоқсандағы
N 3279 Жарлығымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне
тәртіптік жазалар қолдану тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

Мемлекеттік қызметшілердің (бұдан былай - қызметшілер) тәртіптік жауапкершілігі - заңдық жауапкершіліктің бір түрі, ол қызметшілерге өздерінің қызметтік міндеттерін атқарған кезде тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін жүктеледі.

II. Тәртіптік теріс қылық

Тәртіптік теріс қылық (бұдан былай - теріс қылық) қызметшінің өзіне жүктелген міндеттерді құқыққа қайшы келіп, атқармай қойған кінәсі немесе тиісінше атқармауы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзуы, сол сияқты "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығымен (бұдан былай "Мемлекеттік қызмет туралы" Жарлық) белгіленген мемлекеттік қызметте болумен байланысты шектеулерді сақтамауы болып табылады.

III. Тәртіптік жаза және оның түрлері

1. Тәртіптік жаза (бұдан былай - жаза) - қызметшіге уәкілді орган немесе лауазымды адам теріс қылық жасағаны үшін қолдануы мүмкін тәртіптік жауапкершілік шарасы.

2. "Мемлекеттік қызмет туралы" Жарлықтың 30-бабына сәйкес

қызметшілерге жазаның мынадай түрлері қолданылуы мүмкін:

- 1) сөгіс;
- 2) қызметіне толық сәйкес келмейтіні туралы ескерту;
- 3) кезекті біліктілік сыныбын беруді немесе неғұрлым жоғары қызметке тағайындауды бір жылға дейін кідірту;
- 4) мемлекеттік қызметтен босату.

3. Жасалуы заңда көзделген өзге жауапкершілікке әкеліп соғатын әрекет үшін жаза қолданылмайды.

4. Берілген жазалар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың кадр қызметтері жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілердің жеке істеріне енгізу жолымен есепке алынуға тиіс.

IV. Жаза қолдану жағдайлары

1. Жаза жасалған теріс қылықтың ауырлығына, түріне және оны жасаған адамның кінәсінің дәрежесіне сәйкес келуге тиіс.

2. Тәртіптік жазаның түрін айқындаған кезде:

- 1) теріс қылықтың мазмұны мен сипаты;
- 2) теріс қылық жасалған жағдаяттар;
- 3) жасалған қылық әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін келеңсіз зардаптар;
- 4) оны жасаған адамның бұрынғы мінез-құлқы;
- 5) мемлекеттік қызмет стажы;
- 6) қызметшінің жеке басын сипаттайтын өзге де жағдаяттар ескеріледі.

3. Бірнеше қызметші бірлесіп теріс қылық жасаған кезде жаза кінәлілердің әрқайсысына жеке қолданылады.

4. Жасалған теріс қылығы үшін бір ғана жаза беріледі.

V. Жаза субъектілері және оны қолдану тәртібі

1. Қызметшілерге жазаны лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес жаза қолдану құқығы бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар қолданады.

2 . Ж а з а н ы :

1) Мемлекет басшысы тағайындайтын қызметшілерге, Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларына және олардың орынбасарларына, орталық атқарушы органдардың басшылары мен олардың орынбасарларына, облыстардың, Ақмола мен Алматы қалаларының әкімдері мен олардың орынбасарларына өз бастамашылығы бойынша, Қазақстан Республикасы Жоғары тәртіптік кеңесінің ұсынуы бойынша, осы қызметшілердің тікелей басшыларының немесе Мемлекет басшысы уәкілдік берген лауазымды адамдардың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қолдануы мүмкін;

2) Президент Әкімшілігінің қызметшілеріне - оның Басшысы өз ұйғаруы бойынша немесе Президент әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының ұсыныстары бойынша;

3) Премьер-Министр Кеңесі, орталық атқарушы органдар басшыларының орынбасарларына, ведомстволар мен Премьер-Министр Кеңесі құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына - Үкімет немесе Премьер-Министр өз ұйғаруы бойынша не тиісінше оның Кеңесі Басшысының, Үкіметтің өзге де мүшелерінің,

Үкімет құрамына кірмейтін басшыларының ұсыныстары бойынша;

4) Премьер-Министр Кеңесінің өзге қызметшілеріне (қызметтен босату жағдайларын қоспағанда) - Үкімет пен Премьер-Министр Кеңесінің басшы лауазымды адамдарының ұйғаруы бойынша немесе Үкімет Аппараты құрылымдық бөлімшелері басшыларының ұсынуы бойынша Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы;

5) Парламент Палаталары аппараттарының басшыларына - Палаталар Төрағаларының ұсынуы бойынша осы Палаталардың Бюролары; Парламент Палаталары аппараттарының өзге қызметшілеріне - осы аппараттардың басшылары;

6) мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің басшыларына - жеке ұйғаруы бойынша немесе тиісті әкімдердің ұсынуы бойынша осы органдардың басшылары;

7) жергілікті атқарушы органдардың және мәслихаттар аппараттарының қызметшілеріне - осы органдардың басшылары;

8) өзге қызметшілерге - жеке өзінің ұйғаруы бойынша немесе осы қызметшілердің тікелей басшыларының ұсынуы бойынша мемлекеттік органдардың басшылары қолданады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Президентінің 1997.12.03.

№ 3764 жарлығымен. U973764_

3. Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшылары мен олардың орынбасарларына, орталық атқарушы органдар басшылары мен олардың орынбасарларына, облыстардың, Ақмола мен Алматы қалаларының әкімдеріне және олардың орынбасарларына қатысты тәртіптік істерді Қазақстан Республикасының Жоғары тәртіптік кеңесі қарап, кейіннен олардың тәртіптік жауапкершілігінің деңгейі жөнінде Республика Президентіне ұсыныс енгізеді;

ЕСКЕРТУ. V-тарау жаңа 3-тармақпен толықтырылды, 3-7-тармақтар тиісінше 4-8-тармақтар болып саналды - ҚР Президентінің 1997.12.03. № 3764 Жарлығымен.

4. Тәртіптік жаза қолданылғанға дейін қызметтік тергеу жүргізілуі мүмкін. Теріс қылық жасаған кінәлі адамнан жазбаша түсінік талап етілуі қажет.

5. Кінәлі адамның түсінік беруден бас тартуы жаза қолдану үшін кедергі бола алмайды.

6. Тиісті мемлекеттік органның кадр қызметі жазаға тартылған адамды қолданылған жаза туралы қол қойдырып немесе басқа тәсілмен хабардар етеді.

7. Қызметшіге берілген жаза туралы тиісті мемлекеттік органның, оның

алқасының отырысында, немесе тізбесін осы жазаны қолданған лауазымды адам анықтайтын қызметшілер қатысып отырғанда жариялануы мүмкін.

8. Жаза қолдану туралы шешімге шағымдану оның орындалуын тоқтата алмайды.

VI. Жазаларды қолдану мерзімі

Жаза теріс қылық жасалған күннен немесе бұл туралы ақпарат алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткенге дейін қолданылуы мүмкін. Қызметшінің тиісті құжаттармен расталған еңбекке уақытша қабілетсіз кезеңі немесе демалыста болған кезеңі, егер әкімшілікке теріс қылық жасалғаны туралы осы кезең ішінде немесе оның алдында мәлім болса, онда отыз күндік мерзімнің күші тоқтатыла тұрады.

VII. Жазалар қолдану туралы актілер

1. Жазалар мынадай актілер:

- 1) Республика Президентінің жарлығын немесе өкімін;
- 2) Республика Үкіметінің қаулысын;
- 3) Республика Премьер-Министрінің өкімін;

4) мемлекеттік органдар басшыларының және өзге де уәкілді лауазымды адамдардың бұйрықтарын немесе заңда көзделген өзге де актілерін шығару ж о л ы м е н қ о л д а н ы л а д ы .

2. Жаза қолдану туралы актіде жасалғаны үшін жаза қолданылып отырған теріс қылық, жазаның түрі және жаза қолданылған адам көрсетіледі.

VIII. Ж а з а н ы ң а л ы н у ы

1. Жаза қолданылған күннен бастап бір жылдың ішінде қызметшіге жаңа жаза қолданылмаса, онда оған тәртіптік жаза қолданылмаған болып саналады.

2. Қызметшіге бірнеше жаза қолданылған жағдайда ол уақыты бойынша соңғы жаза қолданылған күннен бастап бір жыл мерзім өткенге дейін жазасы бар б о л ы п с а н а л а д ы .

3. Егер қызметші жаңа теріс қылық жасамаса және бұл орайда өзін адал

қызметші ретінде көрсетсе, жаза бір жыл өткенге дейін алынып тасталуы мүмкін.

4. Мемлекеттік қызметші қызметтік міндеттерін тоқтатқан күнге

дейін алынбаған жаза осы міндеттер тоқталған күннен бастап алынған болып саналады.

5. Жазаның мерзімінен бұрын алынуын:

1) оны қолданған лауазымды адам (орган) немесе жоғары тұрған лауазымды адам (орган) жүргізеді;

2) және ол тиісті актімен жүргізіледі, оны қызметшіге тиісті мемлекеттік органның кадр қызметі хабарлайды.

6. Жазаны мерзімінен бұрын алу үшін жаза қолданылған қызметшінің тікелей басшысы қызметтік сатылар бойынша өтініш береді.

IX. Қызметшілердің оларды тәртіптік жауапкершілікке тарту кезіндегі құқықтарының кепілдіктері

Қызметші өзін тәртіптік жауапкершілікке тартуға қатысты құжаттармен танысуға, заңда белгіленген тәртіппен өзіне қолданылған жазаға байланысты жоғары тұрған органға, лауазымды адамға немесе сотқа шағым беруге хақылы.